

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 692 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оның құрамынан шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақжолқұрылыс" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитеті Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні мемлекеттік автомобиль жолдары торабын және басқа инфрақұрылым объектілерін дамыту, атап айтқанда: құрылыс, қайта жаңарту, күрделі және ішінара жөндеу болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Кәсіпорынның жарғысын бекітуге ұсынсын;

2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*